

Алматы қаласының аула клубтары туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімшілігінің қаулысы. 2002 жылғы 23 желтоқсандағы N 5/812. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2003 жылғы 22 қаңтарда N 511 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 8 шілдедегі N 3/885 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 8 шілдедегі N 3/885 қаулысымен (2006 жылғы 1 қыркүйектен бастап күшіне енеді)

Алматы қалалық Мәслихатының II шақырылған XX-шы сессиясының шешіміне сәйкес, сондай-ақ жастар мен жасөспірімдердің тұрған жерлерінде жұмысты ұйымдастыру жөніндегі алдыңғы кезектегі шараларды жүзеге асыру мақсатында және Алматы қаласындағы мемлекеттік жастар саясатын өткізу жолдарын жетілдіру қажеттілігіне байланысты, Алматы қаласының Әкімшілігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қаладағы аула клубтарының ережесі бекітілсін (қосымшасы қоса беріледі).
2. Аудан әкімдері, Алматы қалалық коммуналдық меншікті басқару департаменті (Л.И.Никоноров) аулалық клубтарды құру үшін бос жайларды іздестірсін.
3. Аудан әкімдері олардың ведомстволық аумағындағы аула клубтарының жайларына коммуналдық қызмет көрсетуге көмек берсін.
4. Қалалық Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры (А.Б.Құдайбергенов) жұмыс істеп жатқан және жаңадан құрылған аула клубтарына қажетті жөндеу-құрылыс жұмыстарын қаржыландыруды, аула клубтарының директорларына еңбек жалақысын төлеуді, және қажетті құралдармен жабдықтауды қамтамасыз етсін.
5. Алматы қалалық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау департаменті (А.Ж.Нұрланов) аудандық жұмыспен қамту орталықтары арқылы қоғамдық жұмыстарға бөлінген қаражат есебінен аула клубтарының штаттағы педагогтарына еңбек жалақысын төлеуді қамтамасыз етсін.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің орынбасары А.З.Мурзинге жүктелсін.

А л м а т ы қ а л а с ы н ы ң

Әкімі

Әкімшілік хатшысы

ҚАЛАЛЫҚ АУЛА КЛУБТАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Аула клубы (бұдан әрі - клуб) - мәдени-демалыс, тәрбиелеу ұйымы, Алматы қаласының әрбір ауданында тұрғылықты жерде жастар және жасөспірімдермен белсенді жұмыс жүргізуді ұйымдастыру мақсатында құрылған.

2. Клуб Алматы қаласы Әкімшілігінің 2001 жылғы 2 шілдедегі N 1/49 "Жергілікті жерде жастар және жасөспірімдермен белсенді жұмыс атқару" қаулысы, "Жастар және жасөспірімдер" Алматы қалалық мақсатты бағдарламасы, Алматы қаласы Әкімшілігінің 2002 жылғы 18 қарашадағы N 5/734 "Алматы қаласында жастар саясатын бұдан әрі жандандыру туралы шаралар туралы" қаулысы, ҚР Жастар саясатының мемлекеттік тұжырымдамасы, "Қазақстан жастары" бағдарламасы, осы Ереже, қолданыстағы заңдар негізінде жүзеге асырылады.

3. Клуб заңды тұлға болып табылмайды, клубтың өзінің аталуы және рәмізі берілген.

4. Клубтың жұмыс тәртібі: еріктілік, жариялылық, тазалық, жалпылық.

5. Клубтың орналасқан мекенін тиісті аудан әкімі анықтайды.

6. Клуб тиісті аудан әкімімен құрылады, ол өзінің аумағында осы Клубтың жұмысына жауап береді.

7. Алматы қаласындағы аула клубтарының басқарушылары (бұдан әрі Басқарушы) жетекшілері болып Алматы қалалық жастар саясатын дамыту қоры белгіленген, оған 2001 жылғы 2 шілдедегі N 1/49 қаулыға сәйкес аула клубтарын ұстауға және оны құруға бөлінген қаражатты мақсатты пайдалауға бақылау жүктелген.

8. Клубтың ағымдағы жұмысын үйлестіруші осы ауданның әкімі болып табылады.

2. Мақсаты мен міндеті

1. Ауқаты шағын және жайсыз отбасыларынан шыққан жастар мен жасөспірімдердің әлеуметтік жағдайын жақсарту.

2. Алматы қаласындағы мемлекеттік жастар саясатын жандандыру жастар мен жасөспірімдердің тұрған жерінде өткізу.
3. Тұрғылықты жерде жастарды ынталандыру, жастар мен жасөспірімдердің қоғамдағы азаматтық орнын күшейту.
4. Жастар мен жасөспірімдердің отансүйгіштік қасиетін арттыру.
5. Жастар мен жасөспірімдердің мүдделері бойынша бірлесуі.
6. Жастар мен жасөспірімдердің творчестволық таным, ғылыми, әлеуметтік белсенділігін арттыру.
7. Жастар мен жасөспірімдердің мәдени-бұқаралық және спорт жұмыстарын жүйелі жүргізуінде олардың ортасында салауатты өмір салтын насихаттау.
8. Жастар мен жасөспірімдердің мәдени демалыстарын ұйымдастыруды қамтамасыз ету.
9. Жастар мен жасөспірімдердің рухани және мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру.

3. Қызметінің мақсаты мен міндеттері

1. Мүддесі мен бағытына қарай секциялар ұйымдастырылады.
2. Жастар және жасөспірімдермен жан-жақты тәрбие, отансүйгіштік жұмыстарды өткізу.
3. Жастар мен жасөспірімдердің Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатын жергілікті тұрған жерлерінде насихаттау және түсіндіру.
4. Мәдени-ағарту жұмыстарын оқыту, пікір алмасу, конференциялар, саяхат, мәдени саяхат, дөңгелек үстел, үйірмелер мен курстарды ұйымдастыру, жарыстар мен байқауларды жүргізу арқылы насихаттау.
5. Жалпы мәдени және спорт жұмыстарын жастар мен жасөспірімдердің қажеттілігіне сай қоғамдық пайдалы шараларды және творчестволық байқауларды, көркемөнерпаздар үйірмелерін дамыту арқылы жүргізу.
6. Тиісті аудандарды көріктендіру жөніндегі қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру.
7. Осы Ережеге қайшы келмейтін шаруашылық қызметтерді жүргізу.

4. Клубтың ұйымдық құрылымы, жұмысын басқару және жүргізу жүйесі

1. Клуб мүдделілікке және бағыттарға байланысты жүйелерді ұйымдастырады, сондай-ақ директордың басшылығымен аппаратты құрады. Осы жұмысты атқарудағы үйірмелердің түрлерін жасөспірімдердің жергілікті жердегі санына байланысты есептеледі.
2. Клубты басқарудың жоғары органы аудан әкімі болып табылады. Ол

клубтың қызметіндегі барлық мәселелерді айқындайды.

3. Директор клубтың бірінші басшысы болып табылады. Оны басқарушы ұсынған аудан әкімі қызметіне тағайындайды және одан босатады. Директор басқарушы келісімі негізінде қызметін атқарады. Осыған сай клубқа берілген материалдық құндылықтарға, мүліктерге, жабдықтарға және ақша қаражатына жеке материалдық жауапкершілікте болады.

4. Клубтың штат кестесін аудан әкімі бекітеді. Клуб директоры басқарушымен келісіп, оның құрылымын жүргізетін қызметі мен клубтың а т а л у ы н б е л г і л е й д і .

5. Директор клуб атынан заңды тұлға ретінде шарттарға отыра алады.

6. Директор аудан әкіміне және басқарушыға олардың талабы бойынша тоқсан сайын есеп беруге міндетті. Клуб штаты Клуб қызметінің негізгі бағыттарына сай құрастырылады.

5. Клуб қызметіне қатысу

1. Клуб жұмысына қатысу ерікті түрде орындалады. Осы ауданның жастары мен жасөспірімдерін толық қамтуды көздейді.

2. Клуб қызметіне қатысушылардың жасы 11-17 аралығындағы жастар мен ж а с ө с п і р і м д е р .

3. Клуб қызметіне қатысушылар оның жұмысына белсенді қатысады, сондай-ақ белгіленген тәртіпті орындайды.

6. Қорытынды ереже

Клуб қызметі заңдарға тиісті тоқтатылуы мүмкін.

Әкімшілік хатшысы